

**Түркістан облыстық мәдениет және туризм басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ» және «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы» тақырыптарында ұжымға таныстыру туралы өткізілген жиналыстың ХАТТАМАСЫ № 2**

19.06.2023 ж.

Түркістан қаласы

**Жиналыс төрағасы:** А.Турекулов-директор орынбасары.

**Хатшы:** А.Наурызбаева.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ туралы түсіндірме жұмыстары туралы.

**Жиналыс төрағасы: А.Турекулов** жиналысты ашық деп жариялап, Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының тапсырмасын басшылыққа ала отырып Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты және 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (*Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 жарлығы*) және Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін мекеме қызметкерлеріне түсіндіру, таныстыру мақсатында жоспар тапсырманың II- тоқсандағы жоспары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізуді комплеанс офицері У.Батырбековаға сөз берді.Түсіндірме жұмыстарының негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес оның алғы шарттарын жою үшін назар аудару, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуға бағытталған іс-шара болып табылады. **2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы түсіндірілді.** Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 2 ақпандағы жарлығымен Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын бекітті. Құжатта ағымдағы жағдайға талдау жасалып, алдағы жылдарда шешілетін міндеттер айқындалған. Тұжырымдама зардаптармен күрестен сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жүйелі түрде жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге тұтастай алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыбайлас жемқорлық экономикалық және беделі жағынан тиімсіз болатын жағдайларды жасауға бағытталған. Осыған орай тұжырымдаманың негізгі бағыттарын түсіндіру бойынша жиналыс өтті. Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-да ҚР сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы баяндама жасап тұжырымдаманы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жиналыс барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасында тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа назар аударылғандығы, әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша парақорлықтың үлкен үлесі тұрмыстық сыбайлас жемқорлықпен байланысты екенін де атап өтіп, халық арасында пара беру жолының азаймағандығы туралы кеңінен сөз қозғап, ерекше тоқталды. Қызметкерлерге бопсалау немесе қандай да бір заңсыз төлемдерді ұсыну қажет болған жағдайда, еліміздің әрбір азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке колл-орталықтың 1424 телефон нөмірі бойынша жүгініп, өзінің азаматтық борышын орындай алатындықтарын ескертті. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді тетіктерді қалыптастыру бойынша жүйелі шаралар қабылданып жатқандығын жеткізді.

Жиын соңында жоғарыда айтылған осы дертті жою мақсатында жұмыстар атқарылуы керек, бөлім басшыларына нақты тапсырмалар беріп, Түркістан облыстық мәдениет және туризм басқармасына қарасты «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-ның қызметкерлері заң бұзушылықтардың алдын алу, еңбек заңының бұзылуы және сыбайластық әрекетке жол бермеуі тиіс екенін нақты жеткіздім деп ойлаймын. Жиналыс соңында мәселелер жан-жақты талқыланды, мекеме қызметкерлер тарапынан сұрақтарға нақты жауап берілді.

Комплеанс офицері У.Батырбекованың баяндамасына жақсы баға бере келе,  
**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Баяндама назарға алынсын.

Жиналыс төрағасы



А.Турекулов

Хатшысы



А.Наурызбаева